

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесін, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" № 1-ТӨ нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2013 жылғы 29 қарашадағы № 111 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 желтоқсанда № 9002 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 147 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 18.12.2015 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, сондай-ақ құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауы бойынша есепке алуды және есептілікті жетілдіру мақсатында, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағын және «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу Ережесін, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» № 1- ТӨ нысанды есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 16 қарашадағы № 109 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7315 болып тіркелген, «Заң газетінің» 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 183 (2173) және 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № 184 (2174) сандарында жарияланды) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы бұйрық пен оның қосымшаларының бүкіл мәтіні бойынша «ОЛ» сөзі «ТӨ» сөзіне ауыстырылсын.

аталған бұйрықпен бекітілген Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережесінде:

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне (бұдан әрі – Комитет) және оның аумақтық органдарына жеке және заңды тұлғалардың өтініштері жөніндегі есепке алу мәліметтерін ұсынуы.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Жеке және заңды тұлғаның өтініші (жазбаша, ауызша, жеке қабылдаудағы, электрондық түрдегі) субъектінің ведомстволық автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде есепке алынады (бұдан әрі – ААЖ).

ААЖ болмаған жағдайда өтініш Жеке (заңды) тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі (осы Ереженің 1-қосымшасы) және өтініштерді есепке алу карточкасының қағаз нұсқасы толтырылады, ол өтініш бойынша есепке алу мәліметтерін ААЖ-ға енгізу үшін субъектінің жоғары тұрған органына жіберіледі.

Өтініштерді есепке алу олар субъектіге келіп түскен күні электрондық есепке алу нысанында – жеке (заңды) тұлғаның өтініштерін есепке алу карточкасында (бұдан әрі - өтінішті есепке алу карточкасы, осы Ереженің 2-қосымшасы) немесе өтініштерді есепке алу карточкасының есепке алу мәліметтерінің тізімін қамтитын ведомстволық ақпараттық есепке алу нысанында тиісті жолдарды толтыру және олардың мәліметтерін мемлекеттік құқықтық статистикалық есептілікте көрсету арқылы жүргізіледі.

Өтініштің тіркеу нөмірі автоматтық түрде кезек тәртібінде қойылып, аббревиатурадан, өтінішке қол қойған тұлғаның тегіндегі бірінші әріптен және реттік нөмірден тұрады.

Жеке тұлға өтінішінің тіркеу нөмірі «ЖТ» әріптік индексінен, автор тегінің бірінші әрпінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

Заңды тұлға өтінішінің тіркеу нөмірі «ЗТ» әріптік индексінен, өтінішке қол қойған лауазымды тұлға тегінің алғашқы әрпінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

Жасырын өтініштің тіркеу нөмірі «АНМ» әріптік индексінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

Ұжымдық өтініштің тіркеу нөмірі «Ұ/Қ» әріптік индексінен және өтінішті есепке алу карточкасындағы реттік нөмірден тұрады.

Қайталап өтініш беруді және өтініштің көшірмесін тіркеген кезде тіркеу нөмірінде оның қайталану белгісі көрсетіле отырып (1, 2, 3), бірінші өтініштің нөмірі көрсетіледі.

Өтініштің көшірмесі – мәтіні мен заңды күші түпнұсқамен бірдей өтініштің

д а н а с ы .

Өтінішті есепке алу алдында ААЖ бойынша тексеру жүргізіледі және өтініш қайталанды ма немесе алдыңғы өтініштің көшірмесі емес пе екендігі анықталады .

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша келіп түскен өтініштер есепке алуға ж а т п а й д ы .

10-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары аудандық әкімдіктерге;»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Өтінішті есепке алу карточкасында келесі есепке алу мәліметтері к ө р с е т і л у і т и і с :

1-деректемеде: өтінішті тіркеген субъектінің, лауазымды тұлғаның коды мен атауы (толтырылуы міндетті);

2-деректемеде: жүгінген жеке тұлғаның тегі. Ұжымдық өтініш берілген кезде аталған деректемеде бірінші қол қойған адамның тегі көрсетіледі (толтырылуы м і н д е т т і) ;

3-деректемеде: жүгінген жеке тұлғаның аты немесе оның бірінші әрпі (толтырылуы м і н д е т т і) ;

4-деректемеде: жеке немесе заңды тұлғаның почталық мекенжайы (толтырылуы міндетті), ұжымдық өтініш берілген кезде жауап жіберілуі тиіс мекенжай көрсетілмеген болса, онда бірінші қол қойған адамның мекенжайы к ө р с е т і л е д і ;

5-деректемеде: жүгінген заңды тұлғаның атауы (толтырылуы міндетті);

6-деректемеде: жүгінген тұлғаның мәртебесі, егер өтініште ол жөнінде мәліметтер бар болса (мәртебесінің коды осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес көрсетіледі) (міндетті емес, көрсетілсе ғана толтырылады);

7-деректемеде: осы Ереженің 4-тармағының екінші бөлігіндегі талаптарға сәйкес толтырылатын және талонда көрсетілген нөмірге сәйкес келуі тиіс бірегей нөмір (толтырылуы міндетті емес);

8-деректемеде: тіркеу нөмірі және өтінішті тіркеу күні (толтырылуы міндетті) ;

9-деректемеде: шығыс нөмірі, заңды тұлғаның өтініші жіберілген күн (міндетті емес, көрсетілсе ғана толтырылады);

10-деректемеде: өтініш нысанының коды: (1) – қағаз жүзінде, (2) – электрондық, (3) – жеке қабылдаудағы (толтырылуы міндетті);

11-деректемеде: өтініштің қайталану себебі: (толтырылуы міндетті емес) (қайталану себебі осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес көрсетіледі);

12-деректемеде: өтініштің қайталануының немесе көшірме болып табылатындығының белгісі, өтініштің қайталануының немесе көшірмелерінің санын білдіретін сан қойылады.

Мысалы, «4» негізгі өтініш бойынша төртінші көшірме келіп түскендігін білдіреді (міндетті емес, өтініш қайталанған немесе көшірмесі келіп түскен жағдайда толтырылады);

13-деректемеде: өтініш түрінің коды осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес көрсетіледі. Өтініштің түрін нақты көрсетуді қамтамасыз ету үшін өтініштің мазмұнына назар аудару керек (толтырылуы міндетті);

14-деректемеде: өтініш тілінің коды: (1) – мемлекеттік, (2) – ресми, (3) – өзге (толтырылуы міндетті);

15-деректемеде: іс-әрекеттері шағымдалып отырған органның атауы. Аталған деректеме ТӨБЕ субъектілерінің анықтамалығынан толтырылады. Өтініште қандай да бір мемлекеттік органның іс-әрекеттеріне шағымдану аталмаған жағдайда (0000000000000000) коды қойылады (толтырылуы міндетті);

16-деректемеде: іс-әрекеттері шағымдалып отырған лауазымды тұлғаның тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері (міндетті емес, көрсетілсе ғана толтырылады);

17-деректемеде: өтініштегі мәселенің сипаты (өтініштердегі мәселелердің коды ЭҚАБЖ-да пайдаланылатын мәселелер сипаттарының анықтамалығына сәйкес көрсетіледі. Прокуратура органдары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесінің мәселелер сипаттарының анықтамалығына сәйкес кодты көрсетеді. Әркелкі сипаттағы бірнеше мәселені қозғайтын өтініштер бойынша оларға сәйкес келетін кодтар үтір арқылы көрсетіледі (толтырылуы міндетті);

18-деректемеде: өтінішті жолдаған субъектінің, лауазымды тұлғаның атауы. Деректеме жеке немесе заңды тұлғаның өтініші өзге мемлекеттік органның құзыреті немесе аумақтылығы бойынша қайта жолданған жағдайда ғана толтырылады (өтінішті жолдаған субъектінің коды, мемлекеттік органдардың анықтамалығынан көрсетіледі немесе болмаған жағдайда қолдан теріледі) (толтырылуы міндетті емес);

19-деректемеде: өтініш жоғары тұрған органның келіп түскенде «иә», егер өтініш жоғары тұрған органның келіп түспесе – «жоқ» белгіленеді (толтырылуы міндетті);

20-деректемеде: өтініштің қысқаша мазмұны (толтырылуы міндетті);

21-деректемеде: өтінішті соңғы орындау мерзімінің күні (толтырылуы міндетті);

22-деректемеде: өтініш бойынша орындаушы болып табылатын субъектінің

қызметкерінің Т.А.Ә. және оның телефонының нөмірі (толтырылуы міндетті);

23-деректемеде: өтінішті өзге субъектіге орындау үшін жолдау коды: (1) – төмен тұрған органға, (2) – жоғары тұрған органға, (3) - ведомстволық бағынысы бойынша, (4) – өзге елдердің мемлекеттік органдарына, (5) – сұрау жолданды (өтінішті қарау барысында сұрау жолданған жағдайда толтырылады) (толтырылуы міндетті емес);

23.1-деректемеде: «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өтініш келіп түскен мемлекеттік органның коды және атауы көрсетіледі;

23.2-деректемеде: ӨАЕК-те тіркелген өтінішті тіркеу № көрсетіледі (құқық қорғау және арнайы органдарға ғана);

23.3-деректемеде: ӨАЕК-те тіркелген өтінішті тіркеу күні көрсетіледі (құқық қорғау және арнайы органдарға ғана);

24-деректемеде: өтініш бойынша қабылданған шешім (өтініш бойынша шешімнің коды осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес көрсетіледі) (толтырылуы міндетті);

25-деректемеде: өтінішті қарау барысында өзге органға сұрау жолдау (Заңның 9-бабының 2-тармағы) (өтінішті қарау барысында өзге органға сұрау жолданған кезде толтырылады);

25.1-деректемеде: сұрауды жолдау күні;

26-деректемеде: өтінішті орындауды ұзарту мерзімі (міндетті емес, көрсетілсе ғана толтырылады);

27-деректемеде: жүгінген тұлғаға жауапты жіберу немесе өтінішті өзге органға қайта жолдау күні (толтырылуы міндетті);

28-деректемеде: жүгінген тұлғаға жауапты жіберу немесе өтінішті өзге органға қайта жолдау туралы ілеспе хаттың шығыс нөмірі (толтырылуы міндетті);

29-деректемеде: өтінішті қарау нәтижесі бойынша тәртіптік жауаптылыққа тартылған адамдардың саны;

30-деректемеде: өтінішті қарау нәтижесі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдардың саны;

31-деректемеде: субъектінің ААЖ-на өтініш жөніндегі есепке алу мәліметтерін енгізген қызметкердің тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері (бағдарламада автоматтық түрде толтырылады). Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу карточкасының қағаз нұсқасында карточканы толтырған қызметкердің тегі көрсетіледі. 1-ден 20-ға дейінгі деректемелер өтінішті тіркеген кезде толтырылады, 21 және 22-деректемелер басшылық қарағаннан кейін толтырылады, 23-тен 31-ге дейінгі деректемелер орындаған кезде (өтінішті бақылауға алған жағдайда) немесе орындағаннан кейін толтырылады.»;

Жеке (заңды) тұлғаның өтінішін есепке алу карточкасында:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Өтініш бойынша орындаушы болып табылатын субъектінің қызметкерінің Т.А.Ә. және оның телефонының нөмірі (толтырылуы міндетті)»;

23.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23.1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өтініш келіп түскен мемлекеттік органның коды және атауы»;

мынадай мазмұндағы 23.2, 23.3-тармақтармен толықтырылсын:

«23.2. ӨАЕК-те тіркелген өтінішті тіркеу № (құқық қорғау және арнайы органдарға) ;

23.3. ӨАЕК-те тіркелген өтінішті тіркеу күні (құқық қорғау және арнайы органдарға) » ;

аталған бұйрықтың 2-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын ;

аталған бұйрықпен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» № 1- ТӨ нысанды есептің құрылуы жөніндегі Нұсқаулықта:

11-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген өтініштерді қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардан мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша келіп түскен өтініштер».

Бір мемлекеттік органдан екіншіге келіп түскен қызметтік құжаттар, сондай-ақ өтініштердің көшірмелері есепте көрсетуге жатпайды.

Есепте қаралған, құзыреті бойынша қарау үшін өзге субъектілерге жолданған, шешілген өтініштердің саны және келіп түскен өтініштер бойынша субъектілер қабылдаған шешімдердің саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижелері оларды іс жүзінде орындау және тиісті түрде құжаттық ресімдеуден кейін есепке енгізіледі.

Қанағаттандырылған, қанағаттандырудан бас тартылған, қысқартылған, сондай-ақ өтінішті қараған субъект түсінік берген өтініштердің барлығы қаралған өтініш болып есептеледі.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Логикалық бақылау шарттары – 1-жол 2-74-жолдардың сомасына тең.»;

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары аудандық әкімдіктерге есептік кезеңнен кейінгі айдың 8 - н е қ а р а й ; » ;

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика

және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу ү ш і н ;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне мәлімет және қызметте пайдалану үшін, Комитеттің аумақтық органдарына о р ы н д а у ү ш і н ж о л д а с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры А. Дауылбаев

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация министрі
А. Жұмағалиев

2013 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасының
Бас Прокурорының
2013 жылы 29 қарашадағы
№ 111 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасының
Бас Прокурорының
2013 жылғы 16 қарашадағы
№ 109 бұйрығына
2-қосымша

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы" №1-ТӨ нысаны

"Жеке тұлғалардың өтініштерін қарау" А кестесі

Атауы	жолдың коды	жыл басына қаралмаған өтініштердің саны	есептік кезеңде келіп түскен өтініштер	с.і. 2-бағаннан		4-бағаннан	
				жеке қабылдауда келіп түскен өтініштер	жоғары тұрған органдардан келіп түскен	Қ Р Президенті Әкімшілігінен	П М ке
А	Б	1	2	3	4	5	6

Барлығы		1					
мемлекеттік құрылым	мемлекеттік басқарудың жалпы мәселелері	2					
	саяси партиялар	3					
	Қоғамдық және діни бірлестіктер	4					
	халықтың көші-қоны мәселесі бойынша заңнама	5					
	сайлау	6					
	сыбайлас жемқорлық	7					
	адамның құқықтары мен бостандықтары	8					
	табиғи-шикізат ресурстарын пайдалану, экология	табиғи-шикізат ресурстарын және экологияны пайдаланудың жалпы мәселелері	9				
жер ресурстары		10					
мемлекеттік экологиялық сараптама		11					
қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау		12					
қоршаған ортаны қорғау саласында рұқсат беру		13					
су ресурстары		14					
қаржы қызметі	жалпы қаржылық мәселелері	15					
	банктік қызмет	16					
	сақтандыру қызметі	17					
	құнды қағаздар нарығындағы қызмет	18					
	кедендік қызмет	19					
	жинақтаушы зейнетақы	20					

қаржы қызметі	қорлардың қызметі						
экономикалық қызмет, жоспарлау	экономиканың және жоспарлаудың жалпы мәселелері	21					
	салықтық қатынас	22					
	мемлекеттік мүлік	23					
	лицензиялау	24					
	жылжымайтын мүлік	25					
жер және жерді пайдалану	мүлікті заңдастыру	26					
	жерді пайдаланудың жалпы мәселелері	27					
	ауыл шаруашылық қызметін жүргізу үшін жер бөлу	28					
	ЖТҚ құрылысы үшін жер бөлу	29					
қарулы күштер, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар		30					
	халықаралық қатынас	31					
кәсіпкерлік	кәсіпкерліктің жалпы мәселелері	32					
статистика		33					
еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету	еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз етудің жалпы мәселелері	34					
	жұмысқа орналасу және одан босатылу, с.і. жұмысқа орналасуға көмек көрсету бойынша мәселелері	35					
	жұмыс берушінің өнідірістік						

	жарақаттануды рәсімдеуі бойынша мәселелері	36					
	жалақы бойынша қарыздар	37					
денсаулық, тазалық сақтау және гигиена	денсаулық, тазалық сақтау және гигиенаның жалпы мәселелері	38					
	азық-түліктерді сату кезінде тазалық нормаларын сақтау мәселелері	39					
тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жалпы мәселелері		40					
өнеркәсіп		41					
құрылыс	құрылысты мемлекеттік реттеудің жалпы мәселелері	42					
	лицензиялау және құрылысқа рұқсат құжаттарын беру	43					
	құрылыс жұмыстары	44					
	тұрғын үй құрылысына үлескерлікпен қатысу бойынша мәселелері	45					
көлік, коммуникациялар	көлік және коммуникацияның жалпы мәселелері	46					
байланыс және ақпарат		47					
ауыл шаруашылығы	ауыл шаруашылығы кешенінің жалпы мәселелері	48					
	мал шаруашылығының жалпы мәселелері	49					
	өсімдік шаруашылығы мен өсімдіктерді қорғаудың жалпы мәселелері	50					
	ауыл шаруашылығы						

	өнімдерін шығарушыларға несие беру мәселелері	51					
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жалпы мәселелері	52					
	тұрғын үй қорын қолданыста ұстау мәселелері	53					
	жылумен қамту қызметін көрсету мәселелері	54					
ғылым, техника және инновациялар		55					
білім		56					
техникалық реттеу	техникалық реттеу және стандарттаудың жалпы мәселелері	57					
	халық тұтынатын тауарлардың сәйкестік белгісімен таңбалануы және сапасы	58					
мәдениет және өнер		59					
бұқаралық ақпарат құралдары		60					
спорт және дене шынықтыру, туризм		61					
сот төрелігі мәселелері		62					
құқық тәртібі мәселелері		63					
әкімшілік полиция қызметі		64					
тергеу және анықтау		65					
халықты құжаттандыру және тіркеу		66					
төтенше жағдай		67					
мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалардың шешімдеріне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану		68					
соның ішінде:	жергілікті атқарушы органдардың (әкімдік)	69					
	мемлекеттік органдардың	70					
	құқық қорғау органдарының	71					

	адамның құқықтары мен бостандықтары	8					
табиғи-шикізат ресурстарын пайдалану, экология	табиғи-шикізат ресурстарын және экологияны пайдаланудың жалпы мәселелері	9					
	жер ресурстары	10					
	мемлекеттік экологиялық сараптама	11					
	қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензиялау	12					
	қоршаған ортаны қорғау саласында рұқсат беру	13					
	су ресурстары	14					
	қаржы қызметі	жалпы қаржылық мәселелері	15				
банктік қызмет		16					
сақтандыру қызметі		17					
құнды қағаздар нарығындағы қызмет		18					
кедендік қызмет		19					
жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметі		20					
экономикалық қызмет, жоспарлау	экономиканың және жоспарлаудың жалпы мәселелері	21					
	салықтық қатынас	22					
	мемлекеттік мүлік	23					
	лицензиялау	24					
	жылжымайтын мүлік	25					
	мүлікті заңдастыру	26					
	жерді пайдаланудың жалпы мәселелері	27					

жер және жерді пайдалану	а у ы л шаруашылық қызметін жүргізу үшін жер бөлу	28					
	ЖТҚ құрылысы үшін жер бөлу	29					
қарулы күштер, басқа әскерлер мен әскери құрылымдар		30					
халықаралық қатынас		31					
кәсіпкерлік	кәсіпкерліктің жалпы мәселелері	32					
статистика		33					
еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету	еңбек және халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз етудің жалпы мәселелері	34					
	жұмысқа орналасу және одан босатылу, с.і. жұмысқа орналасуға көмек көрсету бойынша мәселелері	35					
	жұмыс берушінің өнідірістік жарақаттануды рәсімдеуі бойынша мәселелері	36					
	жалақы бойынша қарыздар	37					
денсаулық, тазалық сақтау және гигиена	денсаулық, тазалық сақтау және гигиенаның жалпы мәселелері	38					
	азық-түліктерді сату кезінде тазалық нормаларын сақтау мәселелері	39					
өнеркәсіп		40					
	құрылысты мемлекеттік реттеудің жалпы мәселелері	41					

құрылыс	лицензиялау және құрылысқа рұқсат құжаттарын беру	42					
	құрылыс жұмыстары	43					
	тұрғын үй құрылысына үлескерлікпен қатысу бойынша мәселелері	44					
көлік, коммуникациялар	көлік және коммуникацияның жалпы мәселелері	45					
байланыс және ақпарат		46					
ауыл шаруашылығы	ауыл шаруашылығы кешенінің жалпы мәселелері	47					
	мал шаруашылығының жалпы мәселелері	48					
	өсімдік шаруашылығы мен өсімдіктерді қорғаудың жалпы мәселелері	49					
	ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушыларға несие беру мәселелері	50					
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жалпы мәселелері	51					
	тұрғын үй қорын қолданыста ұстау мәселелері	52					
	жылумен қамту қызметін көрсету мәселелері	53					
ғылым, техника және инновациялар		54					
білім		55					
техникалық реттеу	техникалық реттеу және стандарттаудың жалпы мәселелері	56					
	азық-түліктің сәйкестік						

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК